



Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 846 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 8140 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 наурыздағы № 201 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 04.03.2024 № 201 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01 2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2 тармағына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Риддер қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 811 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3485 болып тіркелді, 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 39 "Лениногорская правда" газетінде жарияланды), Риддер қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 204 "Риддер қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 811 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін

айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4476 болып тіркелді, 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 17 "Лениногорская правда" газетінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Д.Б. Дүйсембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

Д. Горьковой

КЕЛІСІЛДІ:

Риддер қалалық

И. Панченко

мәслихатының хатшысы

2020 жылғы "___" _____

Риддер қаласы әкімдігінің
2020 жылғы "28" желтоқсандағы
№ 846 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары: мамандар (бас, аға), оның ішінде: медициналық бике, фельдшер (- зертханашы), әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары: мәдени ұйымдастырушы, кітапханашы.